ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек
ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 31 қазан
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 293
город Шымкент

Ата-аналар комитетін құру туралы

Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, оқу-тәрбие процесіне ата-аналардың белсенділігін арттыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылында мектепішілік тәрбие жұмыстарының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектептің ата-аналар комитеті төмендегідей құрамда бекітілсін:
   - Мырзабекова Ұлжан – ата-аналар комитетінің төрайымы
2. Комитет оқу-тәрбие жұмыстарына, әлеуметтік қолдау іс-шараларына, мектепішілік және сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарға белсенді атсалыссын.
3. Ата-аналар комитеті өз жұмысын жылдық жоспар негізінде жүргізсін, мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілерімен тығыз байланыста болсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет мен Н.Е.Халилулла қадағаласын.

Мектеп директоры А.Б.Сексенов

Бекітемін
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі
Ата-аналар жиналысының жылдық жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1	1.2024-2025оқу жылына есеп. 2.2025-2026 оқу жылының басталуы 3.ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Жалпы ора білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы»№26 бұйрығымен таныстыру. 4. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын бекіту және оларды міндеттерімен таныстыру 5. «Баланың бас ұстазы ата-анасы » психологиялық тренинг 6. Әр түрлі мәселелері	I жиналыс қыркүйек	Мектеп әкімшілігі А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
2	1.I жарты жылдық оқушылар үлгерімінің сапалық көрсеткіші 2.Ата-ана мен баланың қарым-қатынас психологиясы 3.Интернетті қауіпсіз пайдалану 4.Ағымдағы мәселелер	II жиналыс қараша	Мектеп әкімшілігі А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
3	1.Баяндама «Отбасы қоғам тіршілігі-мектеп тынысында» 2.Ата-ана құқықтық сауаттылығын арттыру тренинг 3.Мед кабинетінің жабдықталуы, оқушыларға егу жұмыстарын жүргізу 3. Әртүрлі мәселелер	III жиналыс қаңтар	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер Э.О.Базарбек
4	1.Баяндама «Салауатты өмір болашағымыздың кепілі» 2.Оқушылардың жылдық үлгерімінің сапалық көрсеткіші 3.Сыныптан сыныпқа көшіру және негізгі мектепті бітіру емтихандарына оқушыларды дайындау 4.Ағымдағы мәселелер: -Жазғы демалысты ұйымдастыру -Соңғы қоңырау жиынын өткізу -Балалар күнін атап өту	IV жиналыс мамыр	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер Сынып ата-ана комитеттері Медбике

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

ЖШС «Dostyq School Shymkent»
Ата – аналар жиналысының хаттамасы №1

12 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 137 ата-ана

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі - басты назарда»

Мақсаты:

1. Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін ата-аналарға атап өту.

Міндеті:

1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

2. Ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

3. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде ұйым мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылындағы оқу ережелерімен таныстыру (мектептің ішкі тәртіп ережелері, оқушының мектеп формасы)

2. Жолда жүру ережелерін сақтау

3. Ата-ана комитетін сайлау

4. Келісім шартқа отыру

Тыңдалды:

Мектеп директоры И.Х. Хамидов ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысқа тоқталып, күн тәртібімен таныстырып, жиналысты ашты.
Бірінші мәселе бойынша И.Х. Хамидов: Ұлағатты ұстаздар, ардақты ата-аналар! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің үздіксізі ата-ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десек те бала – ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.
Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, мемлекеттің абыройлы міндеті. Кезінде Әл-Фараби бабамыз «Ғылым сүйсең, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөл, тәрбиесіз алған білімнің қайыры болмайды» – деген еді. Сондықтан орай туып тұрған сәтте бала тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-ана – жүзінде дәлелдеп отырғуы тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже береді ақиқат. Осыдан мектептің ішкі тәртіп ережелері, оқушының ұйым мектеп формасын сақтау талап етіледі. Мектепте күзет қызметі жұмыс жасайды. Оқушылардың сабақтан кешігуі, себексіз сабақтан қалмауын ата-аналар тарапынан бақылауда ұстауды ескертті.

1. Мектеп ішіндегі тәртіп ережелерін сақтау.

2. Мектеп формасымен, егер болмаса жағдайға классикалық киім болу талап етіледі (үсті ақ, асты қара немесе көк).

3. Мектепте сабақ 5 күндік болады.

4. Сабақтың ұзақтығы – 45 минуттан.

5. Мектепте сабақ 2 ауысымда өтеді.

6. Санитарлық талап сақталады.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.С. Рыскулов оқушылардың мектепке келіп кетуі кезіндегі жолда жүру ережелерін қатаң сақтауын, бала өмірі ең қымбат, баға жетпес байлық екендігін айта келе, ата-аналарға жолда жүру ережелері туралы нұсқалықпен таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар құрамын сайлау туралы ұсыныс қабылданып, ата-аналар ақылдаса келе ата-аналар комитетінің төрайымы болып Тулгабаева Жаңагүл Булегеновна сайланды.

Төртінші мәселе бойынша директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Ә.Қ. Шөкен ата-анамен жасалатын келісім шарттармен таныстырды. Сабақтың уақыты, қосымша сабақтар өту, ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қамтылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге қатысушы ата-аналар сөз алды:
Ата-аналар сөзге шығып,өздерінің үлкен ұлы-қыздарының Достық курсында оқып жақсы нәтижеге жеткенін айтып, мектеп талаптарын орындауға келісетінін айтты. Ата-аналар комитеттері сайланды.

Қаулысы:
1. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін, оқушының сырт келбетін (мектеп формасын сақтау) оқушының жас ерекшелігіне сай болуын қамтамасыз ету ата-аналардан талап етілсін.

2. Оқушының сабаққа кешігуі, сабақтан себепсіз қалу фактілеріне жол бермеу ата-аналар мен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері тарапынан қатаң бақылауға алынсын.

3. Сынып оқушыларының оқу сапасының көтерілуіне сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, ата-аналар бірлесіп жұмыс жасасын.

4. Оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстырып, қайталау жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне талап етілсін.

5. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін

6. Әр ата-ана мектеп әкімшілігімен келісім шартқа отырып, келісім шарт талаптарын толық орындау екі жақтан бірдей талап етілсін.

Мектеп директоры: И.Х.Хамидов

ХАТТАМА №2

Мектепішілік жиналыс

Өткізілген күні: 11 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: ДОІЖО, ДТІЖО, педагог-психолог, информатика пәні мұғалімі, педагог-ұйымдастырушы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. І тоқсан қорытындысы және оқу үлгерімі
2. Оқушылардың сабаққа қатысуы және тәртібі
3. Қараша айына жоспарланған тәрбие жұмыстары
4. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас психологиясы
5. Интернетті қауіпсіз пайдалану
6. Қысқы қауіпсіздік және құқықбұзушылықтың алдын алу
7. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

І тоқсан қорытындысы туралы оқу ісі жөніндегі орынбасары баяндама жасады. Оқу үлгерімі, білім сапасы, үлгерімі төмен оқушылар туралы мәлімет берілді. Баяндамада білім алушылардың оқу үлгерімі, білім сапасының көрсеткіштері, үлгерімі төмен оқушылардың үлесі, негізгі пәндер бойынша кездесіп отырған қиындықтар айтылды. Сонымен қатар, білім сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан қосымша сабақтар мен түзету жұмыстары туралы ақпарат берілді.Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуы, кешігулер және тәртіп мәселелері туралы хабарлады. Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысу деңгейі, себепсіз қалған жағдайлар, кешігулер және тәртіп бұзушылық фактілері туралы мәлімет берді. Сабаққа тұрақты қатысудың маңыздылығы атап өтіліп, ата-аналармен байланыс орнату және бақылауды күшейту қажеттілігі айтылды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қараша айына арналған тәрбие жұмыстарының жоспарын таныстырды. Қараша айына жоспарланған тәрбие жұмыстарының мазмұнымен таныстырып, патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық және қауіпсіздік бағыттарындағы іс-шаралар туралы толық ақпарат берді. Іс-шараларды уақытында және сапалы өткізу қажеттілігі ескертілді.

Педагог-психолог ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас психологиясы, өзара түсіністік орнату, эмоционалдық қолдау және бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас психологиясы тақырыбында баяндама жасап, отбасындағы психологиялық ахуалдың бала дамуына әсері, ата-ананың қолдауы мен түсінігінің маңызы, жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары туралы кеңінен түсіндірді. Сондай-ақ, жанжалдардың алдын алу, балаға сенім арту және эмоционалдық қолдау көрсету мәселелеріне тоқталды. Информатика пәні мұғалімі интернетті қауіпсіз пайдалану, кибербуллингтің алдын алу, зиянды ақпараттан қорғану және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері туралы баяндама жасады. Интернетті қауіпсіз пайдалану тақырыбында баяндама жасап, интернет желісіндегі қауіп-қатерлер, жеке деректерді қорғау, әлеуметтік желілерде өзін-өзі ұстау мәдениеті, кибербуллингтің алдын алу жолдары туралы жан-жақты мәлімет берді. Оқушылар мен ата-аналарға интернетті жауапкершілікпен қолдану бойынша нақты ұсыныстар айтылды. Оқушылардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздігі, түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеу, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары талқыланды. Оқушылардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, жол жүру ережелерін сақтау, мұзда жүру кезіндегі сақтық шаралары, түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеу талаптары

түсіндірілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді. Қосымша ұсыныстар мен ескертулер айтылды. Жиналыс барысында көтерілген мәселелер бойынша қатысушылар тарапынан ұсыныстар мен ескертулер айтылып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар нақтыланды.

(ҰБТ мәселесі бойынша):

Педагог-ұйымдастырушы сөз сөйлеп, мектептің ҰБТ бағыты бойынша атқарып жатқан жұмыстары туралы ақпарат берді. Баяндама барысында мектептің соңғы жылдардағы ҰБТ нәтижелері мен жетістіктері, білім алушылардың жоғары көрсеткіштері атап өтілді. Сонымен қатар, оқушыларды ҰБТ-ға жүйелі дайындау мақсатында жүргізілетін жұмыстар, пән мұғалімдерімен, оқушылармен және ата-аналармен бірлесіп жүзеге асырылатын жылдық жоспар таныстырылды. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатудың, бақылау мен қолдаудың маңыздылығына ерекше назар аударылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
2. Сабаққа қатысуды күнделікті бақылау күшейтілсін.
3. Қараша айындағы тәрбие іс-шаралары бекітілсін.
4. Ата-аналармен психологиялық бағыттағы түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
5. Интернет қауіпсіздігі бойынша оқушылар мен ата-аналарға ақпараттық жұмыстар жалғастырылсын.
6. Қауіпсіздік және құқықтық тәрбие бойынша алдын алу шаралары күшейтілсін.
7. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жылдық жоспарға сәйкес жүйелі жүргізу.

ДТІЖО: А.К.Төреахмет _____

Хатшы: Алпысбай М. _____





Нұрболат аға
жылдық жоспармен таныстыруда

Ата-аналарымен интернетті қауіпсіз пайдалану бойынша жүргізілген жұмыс
Анықтама

Тақырыбы: 10–11 сынып ата-аналарымен интернетті қауіпсіз пайдалану бойынша жүргізілген жұмыс

Негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, балалардың құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ мектептің жылдық тәрбие және оқу жоспарына сәйкес.

Мақсаты:

10–11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысында интернет ресурстарын тиімді, қауіпсіз және мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету, ата-аналардың цифрлық сауаттылығын арттыру және балаға ата-аналық бақылау мен қолдауды күшейту.

Мазмұны:

Оқушыларды ҰБТ-ға сапалы дайындау барысында интернет ресурстарын тиімді әрі қауіпсіз пайдалану маңызды болып табылады.10–11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға сапалы дайындау кезінде интернет ресурстары негізгі оқу құралдарының бірі болып табылады. Осыған байланысты қараша айында 10–11 сынып оқушыларының ата-аналарымен интернетті қауіпсіз пайдалану тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында интернет желісін ҰБТ-ға дайындықта дұрыс қолдану, сенімді білім беру платформаларын пайдалану, қажетсіз және алаңдатушы контенттен сақтану, әлеуметтік желілер мен ойындардың оқу процесіне кері әсері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, кибербуллинг, интернет-алаяқтық, жеке деректердің қауіпсіздігі мәселелері түсіндірілді.

Ата-аналарға баланың интернеттегі оқу белсенділігін бақылау, экран алдында өткізетін уақытын реттеу, онлайн дайындық кезінде тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ балаға психологиялық қолдау көрсету жөнінде нақты ұсыныстар берілді. ҰБТ кезеңінде ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысының маңыздылығына ерекше назар аударылды.

Нәтиже:

Жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде ата-аналардың интернет қауіпсіздігі мен оны ҰБТ-ға дайындықта тиімді пайдалану мәселелері бойынша жауапкершілігі артты.

Ұсыныс:

1. Ата-аналармен интернетті қауіпсіз пайдалану тақырыбында жүйелі семинарлар мен онлайн кеңестерді жыл бойына өткізу.
2. ҰБТ-ға дайындық барысында баланың интернеттегі белсенділігін бақылау үшін мектеп пен ата-аналар арасында тұрақты байланыс орнату.
3. Балаларға арналған сенімді онлайн білім беру ресурстарын ұсыну және олардың қолданылуын қадағалау.
4. Ата-аналарға киберқауіптер мен интернет тәуелділігін алдын алу бойынша әдістемелік нұсқаулар беру.
5. ҰБТ-ға дайындық кезінде ата-аналар мен мектептің бірлескен жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық хабарламалар мен кеңестерді жүйелі тарату.



ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

ХАТТАМА №3

Тақырыбы: «Бала – біздің ертеңіміз» атты жалпы және сыныпаралық ата-аналар жиналысы

Күні: 16.01.2026 жыл

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, ата-аналар

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Бала – біздің ертеңіміз» тақырыбында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары.

2.Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-ана мен мектептің бірлескен жауапкершілігі.

3.Оқушылардың қауіпсіздігі, психологиялық қолдау және тәртіп мәселелері.

ТЫҢДАЛЫМ:

Жиналыс барысында мектеп әкімшілігі баланың жан-жақты дамуы, оның ішінде білім алуы, тәрбиесі, мінез-құлқы мен құндылықтары отбасы мен мектептің бірлескен еңбегінің нәтижесі екендігін атап өтті. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, үлгі көрсету, қолдау білдіру және жауапкершілікті сезіну мәселелері кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие беру, эмоционалдық қолдау көрсету, баланың пікірін тыңдау мен оны құрметтеу қажеттігі айтылды.

Сынып жетекшілері әр сыныптағы оқу үлгерімі, сабаққа қатысу, тәртіп сақтау және оқушылардың қоғамдық іс-шараларға белсенділігі туралы мәлімет беріп, ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнатудың маңыздылығына тоқталды. Педагог-психолог оқушылардың психологиялық саулығын сақтау, күйзелістің алдын алу, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат беріп, ата-аналарға баламен сенімді қарым-қатынас орнату, баланың ішкі жан дүниесіне көңіл бөлу жөнінде ұсыныстар айтты. Әлеуметтік педагог балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, зиянды әдеттердің алдын алу, интернеттегі қауіпсіздік және құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы түсіндірме жүргізді.

Сонымен қатар, сынып жетекшілері әр сыныптағы оқу-тәрбие үдерісі, оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі туралы мәлімет берді. Педагог-психолог оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жолдары, ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынастың маңызы жөнінде ақпарат ұсынды. Әлеуметтік педагог балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, құқықбұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігіне тоқталды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар тыңдалып, ұсыныстар айтылды, барлық сұрақтарға мектеп әкімшілігі мен мамандар тарапынан толық жауаптар берілді.

ҚАУЛЫ:

1.Ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейту.

2.Балалардың тәрбиесі, қауіпсіздігі және психологиялық саулығы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

3.Сынып жетекшілеріне ата-аналармен тұрақты байланыс орнату және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу тапсырылсын.

4.Ата-аналарға балалардың бос уақытын бақылауда ұстау және қауіпсіз орта қалыптастыру ұсынылсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСИЛИУМ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 14.02.2026 ж.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, ата-аналар, мектеп психологі.

Күн тәртібі:

1.Оқушылардың оқу жетістіктерінің (ҰБТ нәтижелері, тест көрсеткіштері) қорытындысын талдау.

2.Әр пән бойынша білім сапасының деңгейін анықтау.

3.Оқушыларға жеке қолдау көрсету жолдарын қарастыру.

4.Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері сөз сөйлеп, оқушылардың білім сапасы, тест нәтижелері, пәндер бойынша жетістіктері мен қиындықтары талданды.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ нәтижелері мен тест көрсеткіштері туралы пән мұғалімдері мәлімет берді. Әр сынып бойынша білім алушылардың жинаған балл көрсеткіштері, білім сапасы мен үлгерімі талданып, өткен оқу кезеңімен салыстырмалы мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде жоғары, орта және төмен деңгейдегі оқушылар анықталып, білім көрсеткіштерінің өсу және төмендеу себептері қарастырылды.

Пән мұғалімдері әр оқушының жеке нәтижесіне тоқталып, білім деңгейлері мен жіберілген олқылықтар туралы мәлімет берді. Әр пән мұғалімі өз пәні бойынша білім сапасының деңгейіне тоқталып, сыныптардағы оқу үлгерімі, бақылау жұмыстарының қорытындылары мен тест нәтижелері негізінде талдау жасады. Пәндер бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіштері айтылып, проблемалық тақырыптар мен оқушылардың жіберген типтік қателіктері анықталды.

Білім сапасын арттыру және төмен көрсеткіш көрсеткен оқушыларға жеке қолдау көрсету мақсатында қосымша сабақтар, жеке консультациялар, сараланған тапсырмалар беру, деңгейлік жұмыстар жүргізу, білім алушылармен жеке жұмыс жоспарын құру мәселелері қарастырылды. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері ұсынылды.

Ата-аналарға оқушылардың оқу үлгерімі таныстырылып, алдағы уақытта білім сапасын арттыру мақсатында бірлескен жұмыс жүргізу жолдары түсіндірілді. Ата-аналармен кері байланыс орнату жұмыстары туралы сынып жетекшілер мәлімет берді. Ата-аналар жиналыстары, жеке кездесулер, телефон және мессенджер арқылы байланыс жасау, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы хабардар ету, бірлескен жұмыс жүргізу жолдары айтылды. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, алдағы уақытта ынтымақтастықта жұмыс жасау қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ және тест нәтижелері бойынша білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілсін.

2.Пән мұғалімдері тарапынан бақылау, тест жұмыстарының қорытындыларына талдау жасалып, кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін;

3.Білім көрсеткіші төмен оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсін.

4. Ата-аналармен кері байланыс тұрақты түрде ұйымдастырылып, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы ақпарат берілсін. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жандандырып, жеке кездесулер мен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Мектеп директоры А.Б.Сексенов









ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
Кезектен тыс өткізілген ата-аналар жинылысының
Хаттамасы

Күні: 05.03.2026 ж.
Өткізу форматы: ZOOM платформасы арқылы
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің және Шымкент қаласы прокуратурасының хатына, сондай-ақ мектеп директорының №361 бұйрығына сәйкес кезектен тыс ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібі:

1.Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2.Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде жүруінің алдын алу;
3.Оқушыларды қараусыз қалдырмау мәселесі;
4.Қыз балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу;
5.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, соның ішінде сталкинг (қудалау) әрекеттерінің алдын алу.

Тыңдалды:

Жиналыс мектептің акт залында ZOOM плаьформасы арқылы өткізілді. Жиналыс барысында прокуратура тарапынан ата-аналарға оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі екендігі атап өтілді. Әсіресе кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңсыз көшеде жүруі құқық бұзушылыққа әкелетіні түсіндірілді.

Сонымен қатар, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Құранбек Сәрсен Абайұлы сөз сөйлеп, оқушылардың қауіпсіздігіне баса назар аудару керек екендігін, сондай-ақ қыз балалардың қауіпсіздігі, түнгі уақытта жүрмеуі, бөтен адамдардың үйлеріне қонбауын, ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қайда және кіммен жүргенін бақылауда ұстау қажеттілігі ескертілді.

Қыз балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігі айтылып, олардың жүріс-тұрысы, қоршаған ортасы, әлеуметтік желідегі белсенділігі ата-ана бақылауында болуы тиіс екендігі түсіндірілді.

Жиналыс барысында қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – сталкинг (қудалау) әрекеттері туралы да ақпарат беріліп, мұндай жағдайлардың алдын алу, баланың жеке шекарасын қорғау, күмәнді жағдайларда дер кезінде шара қолдану қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Ата-аналар өз балаларының қауіпсіздігін қатаң бақылауға алынуын қамтамасыз ету;

2. Кәмелетке толмаған оқушылардың түнгі уақытта (сағат 22:00-ден кейін) көшеде жүруіне жол бермеу;

3.Оқушыларды қараусыз қалдырмау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қамтамасыз ету;

4.Қыз балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуін қадағалау;

5.Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, соның ішінде сталкинг әрекеттерінің алдын алу бойынша ата-аналар мен мектеп бірлесе жұмыс жүргізсін;

6.Қажет болған жағдайда мектеп әкімшілігіне немесе тиісті органдарға дер кезінде хабарлау ұсынылсын.

Мектеп директоры: Сексенов А.Б.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОДА ШЫМКЕНТ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ РЕСПУБЛИКАСЫ
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ







ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

Dostyk school Shymkent мектебінде 2026 жылғы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік концерт Қонаев мектебінің акт залында ұйымдастырылып, оған мектеп оқушылары мен аналар, мұғалімдер белсенді қатысты.

Іс-шараның мақсаты: Халықаралық әйелдер күні аясында аналарға, әжелерге және қыз балаларға құрмет көрсету, олардың қоғамдағы және отбасыдағы рөлін дәріптеу, оқушылардың бойында ізгілік, мейірімділік, сыйластық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын арттыру және ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Іс-шара слайд арқылы басталып, жүргізушілердің аналарға, әжелерге және қыздарға арналған жүрекжарды құттықтау сөздерімен ашылды. Мерекелік кеш барысында әйел-ананың қоғамдағы орны, отбасыдағы рөлі, мейірімі мен қамқорлығы кеңінен насихатталып, аналарға деген құрмет ерекше сезіммен жеткізілді.

Бағдарлама аясында мектеп оқушылары тарапынан түрлі әндер, билер, күй орындаулары ұсынылды. Атап айтқанда, домбырамен әсем күй орындалып, гитарамен ән шырқалды, қазақ биі биленді, сондай-ақ оқушылардың авторлық өлеңдері оқылды. Сонымен қатар, хор орындауындағы “Ана” әні көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Іс-шара барысында “Угадай мелодию” және “Кино табу” ойындары ұйымдастырылып, аналар мен оқушылардың белсенді қатысуымен қызықты әрі көңілді атмосфера қалыптасты. Оқушылар өз аналарына арнап жазған хаттарын гүлмен бірге табыстап, аналарын құшақтап, жүрекжарды алғыстарын білдірді. Бұл сәт кештің ең әсерлі бөлімдерінің бірі болды.

Мерекелік кеште оқушылар мен аналар бірге караоке әндерін орындап, би билеп, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Сонымен қатар, арнайы шақырылған өнер ұжымының қойылымы көрермендерге ұсынылды.

Іс-шараның қорытындысында аналарға деген құрмет пен алғыс сезімі айқын көрініс тауып, мереке жоғары деңгейде, мазмұнды әрі әсерлі өтті.

https://www.instagram.com/reel/DVrALWrjFpI/?igsh=MTRkNW00amdtMXZqdQ==

ДТІЖО: А.К.Төреахмет


DOSTYQ
arch




DOSTYQ
arch


DOSTYQ
arch

Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Отбасылық дәстүрлер» апталығының өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 2026 жылғы 14 мамыр

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес және 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасылық дәстүрлер» апталығы аясында тәрбиелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шаралар мектептің 14 мамырдағы №397 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

Апталықтың негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасындағы сыйластық пен алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту болды.

Іс-шара барысында білім алушыларға отбасының қоғамдағы рөлі, ұлттық тәрбие, отбасылық дәстүрлердің маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған әңгімелер, пікір алмасулар және тәрбиелік сағаттар ұйымдастырылды.

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай білім алушылар ата-аналарына телефон арқылы хабарласып, алғыстарын білдіріп, жылы лебіздері мен ізгі тілектерін жеткізді. Бұл іс-шара оқушылардың ата-анаға деген құрметін арттыруға, ризашылық сезімін қалыптастыруға және отбасы мүшелері арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтуға бағытталды.

Сонымен қатар, апталық аясында «Отбасымен 1 күн» челленджі, «Отбасыма алғыс» акциясы, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және психологиялық кеңестер ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналар іс-шараларға белсенді қатысып, отбасы бірлігінің маңыздылығын атап өтті.

Талдау нәтижесінде өткізілген іс-шаралардың тәрбиелік маңызы жоғары болғаны анықталды. Білім алушылардың отбасы құндылықтарына деген құрметі артып, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтуға оң әсерін тигізгені байқалды. Сонымен қатар, ата-аналар тарапынан да іс-шараларға оң пікірлер білдірілді.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын күшейту;
- білім алушылар арасында рухани-адамгершілік тәрбиені дамыту;
- психологиялық қолдау және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;

- отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында ұйымдастырылған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы білім алушылар мен ата-аналар арасындағы өзара сыйластықты нығайтуға, отбасы құндылықтарын дәріптеуге және рухани тәрбие беруге бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет





Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумының өткізілуі туралы АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 2026 жылғы 19 мамыр

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейту және мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы ұйымдастырылып өткізілді.

Форумның негізгі мақсаты – балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, құқықтық сауаттылықты арттыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі, жол-көлік қауіпсіздігі және психологиялық қолдау мәселелері бойынша ата-аналарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

Іс-шара барысында ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы негізгі талаптар мен ережелер түсіндірілді. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүрмеуі, әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, зиянды әдеттерден сақтандыру және құқықтық жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, форум барысында білім беру ұйымы тарапынан оқу жылының қорытындылары таныстырылып, білім алушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, оқу жетістіктері және тәрбиелік жұмыстардың нәтижелері туралы ақпарат берілді. Сынып жетекшілері ата-аналармен кері байланыс орнатып, әр білім алушының оқу-тәрбие процесіндегі жетістіктері мен өзекті мәселелерін талқылады.

Форум аясында мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар және сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарға кеңестер беріліп, бала тәрбиесіндегі отбасы құндылықтарының маңыздылығы атап өтілді. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарына жауап алды.

Іс-шара барысында бала қауіпсіздігіне қатысты бейнероликтер көрсетіліп, профилактикалық және ақпараттық материалдар ұсынылды. Сонымен қатар, ата-аналарға жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін бақылау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Талдау нәтижесінде ата-аналардың форумға белсенді қатысқаны және бала қауіпсіздігі мәселесіне жоғары қызығушылық танытқаны анықталды. Форум мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікті қалыптастыруға және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге оң ықпал етті.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- ата-аналармен жүйелі түрде профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- бала қауіпсіздігіне қатысты түсіндіру жұмыстарын күшейту;
- психологиялық қолдау және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын тұрақты өткізу;
- мектеп пен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру;
- балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларды жалғастыру.

Қорытындылай келе, «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбындағы жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ата-аналардың педагогикалық және құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 14 қараша
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 306
город Шымкент

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімберу ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы бсәуірдегі №130бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің27.08.2022 №382жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу.
Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру негізінде Шымкент қаласы білім басқармасының 02.10.2023жылғы №10-07-07/5208 шығыс хатын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**
1.Мектепте 2025-2026 оқу жылында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру(бұдан әрі –Бағдарлама) бойынша қызмет ұйымдастырылсын.
2.Функционалды жауапкершілікті бөлу мен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін.
3.Бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап,бақылауды жүзеге асыру мектеп басшысына жүктелсін.
4.Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет тірег ламент тейтін ішкі құжаттарды дайындау, бағдарлама бойынша сабақтар өткізуге педагогтерді даярлау, педагогтерге білім беру курстарын бекіту, «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыру, педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, бағдарламаны БАҚ және әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз ету, қаланың(ауданның)білім

бөлімі үшін бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат дайындайдау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет пен Н.Е.Халилуллаға жүктелсін.

5.Мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекіту, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарақтандыруды жүзеге асыру, бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауап беру директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

6.Педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету кітапхана меңгерушісі С.Б.Абдибековаға жүктелсін.

7.«Даналық мектебі» клубымен бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықтап, жұмыс тобы бекітілсін.

8.2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасына түзетулер енгізіліп,(*ата-аналарды оқыту бағдарламасының тақырыбын таңдау және әзірлеу, сапалы мазмұн жасау және оларды мектептің педагогикалық кеңесінде бекіту мүмкіндігі*) бекітілсін.

9. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына бағдарламаны іске асыру қосылсын.

10.Мектепішілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізу директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары С.Б.Токбуринаға жүктелсін.

11.Ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асыру директордың бейін жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жамалбековке жүктелсін.

12.Ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз ету, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін жариялау 10-11 сыныптың сынып жетекшілеріне жүктелсін.

13.Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асыру, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тарту педагог ұйымдастырушы Н.Амангелдиев пен әлеуметтік педагог Г.Ә.Әбдуқадырға

жүктелсін.
14.Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етілсін.
15.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры қолы Қолтаңбаның толық жазылуы

Таныстырылды:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскеі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 17 қараша
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 312
город Шымкент

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында, ата-аналар қауымдастығының жұмысын жандандыру туралы

Шымкент қаласының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2023жылдың 02 қазан күнгі №10-07-07/5208 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «2025-2026 .оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хатында көрсетілгендей, мектепішілік педагогикалық немесе директор жанындағы кеңестерде қаралып, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымның жалпы ережесі бекітілсін.
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының басшылығымен «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасымен бекітілген «орта білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымның» №1-қосымшасын, «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулықты» №2 қосымшасы негізінде әр буынның деңгейіне лайықты етіліп, бағдарламасы дайындалып, бекітілсін.
3. Түзілген бағдарлама аясында ата-аналармен тікелей педагогикалық қолдау көрсету жұмысын жандандыру мектептің педагог-психологы Г.Ә.Әбдуқадыр мен мектептің әлеуметтік-педагогы Г.Ә.Әбдуқадырға және әрбір сынып жетекшілерге жүктелінсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет пен Н.Е.Халилуллаға жүктелсін.

Мектеп директоры қолы Қолтаңбаның толық жазылуы

Бекітемін
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі 10-11 сынып жетекшілерінің орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыбы	Сынып ата-аналары	Мазмұны	Өтілетін күндер
10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1.	**Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...** **Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі**	**10-11 сыныптар**	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	І-тоқсан Қазан
2.	**Көркем мінез – баға жетпес байлық** **Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі**	**10-11 сыныптар**	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегімінез-құлық алгоритмдері мен тиімдітәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	ІІ-тоқсан Қараша
3.	**Сен жанбасаң лапылдап...** **Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?**	**10-11 сыныптар**	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. *Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.* Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	ІІ-тоқсан Желтоқсан
4.	**Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы** **Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары**	**10-11 сыныптар**	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. *Сыныктан өзгенің бәрі жұғады*. Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	ІІІ-тоқсан Қаңтар

5.	**Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...** **Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушылырының қауіпсіздігі**	**10-11 сыныптар**	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті	III-тоқсан Ақпан
6.	**Күйзелістен шығар жол** **Күйзелісті жеңуге көмектесеміз**	**10-11 сыныптар**	1. *Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.* Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау –стрестен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	III-тоқсан Наурыз
7.	**Сүйіспеншілік – сыйластық кілті** **Махаббат татулықтың негізі**	**10-11 сыныптар**	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. *«Айналайын»* ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	IV-тоқсан Сәуір
8.	**Атадан өсиет, анадан қасиет** **Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары**	**10-11 сыныптар**	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. *Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.* Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	IV-тоқсан Мамыр

ДТІЖО **Н.Е.Халилулла**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 3 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№275
город Шымкент

«Даналық мектебін» құру туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру негізінде Шымкент қаласы білім басқармасының 02.10.2023жылғы №10-07-07/5208 шығыс хатын негізге ата – аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуін бағыттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Позитивті ата – аңа болу мәдениетін арттыру үшін мектептің күш – жігерін ата – аналар қоғамымен біріктіру мақсатында «Даналық мектебі» клубы құрылып, іс – шаралар жоспары жасалынып жұмыстар жүргізілсін; **(қосымша -1)**
2. Отбасылық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды, отбасы мүшелері арасында өзара түсіністік пен сенімді қалыптастыру мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікір таластар өткізілсін;
3. Осы бұйрықтың орындалуына қадағалау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет мен Н.Е.Халилулла жүктелсін.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Бектемін
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

«Dostyk School Shymkent» мектебі
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының
«Даналық мектебі» жобасы аясында атқарылатын іс-шаралардың
жылдық жоспары. 2025-2026 оқу жылы.

№		Сабақтың тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	**Ата өсиеті**	Туыстық қарым-қатынас – баға жетпес байлық	қыркүйек	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер, әкелер, ағалар кеңесінің төрайымдары
2		Ата кәсіп – берекенің бастауы	қазан	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер, әкелер, ағалар кеңесінің төрағалары
3	**Әже даналығы**	Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі	қараша	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер, әжелер кеңесінің төрайымы
4		Өнегелі өмір	желтоқсан	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер, әжелер кеңесінің төрайымы
5	**Аға қамқорлығы**	Жирен жаман әдеттен	қаңтар	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер, әкелер, ағалар кеңесінің төрағалары
6		Аға болсаң ақыл айт	ақпан	Сынып жетекшілер, әкелер, ағалар

				кеңесінің төрағалары
7	**Жеңге кеңесі**	Жеңге, мінезімен көркем	наурыз	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, жеңгелер кеңесінің төрайымдары
8		Отбасы құндылығы (жеңгелерден жеті кеңес)	наурыз	ДТІЖО А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, жеңгелер кеңесінің төрайымдары

ДТІЖО: А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген мерзімі: 23 қазан, 2025 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...». Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу – тұлға қалыптасуының негізі.

1. Жоғары сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері.
2. Позитивті ата-ана тәрбиесі: баланың өз болашағын өз бетінше құруға деген қалауы мен қабілетін қолдау.
3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету.
4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуді жүргізуші жоғары сынып жасындағы балалардың дербестікке, өзіндік пікір мен таңдау жасауға ұмтылысы күшейетінін атап өтті. Осы кезеңде ата-ананың міндеті баланың орнына шешім қабылдау емес, оның жауапты шешім қабылдауына жағдай жасау екені түсіндірілді. Позитивті ата-ана тәрбиесінің негізінде сенім, құрмет, талап пен қолдаудың үйлесімі жататыны айтылды.. Баланың бастамасын қолдау, қателесуіне мүмкіндік беру және әрекетінің салдарын талдауға үйрету тұлғалық жетілуге ықпал ететініне назар аударылды.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Ата-аналарға 10–11 сынып кезеңіндегі дербестікке ұмтылудың табиғи үдеріс екені түсіндірілсін.
2. Баланың таңдау жасауына мүмкіндік беріп, нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға үйрету ұсынылсын.
3. Сынып жетекшілері ата-аналармен кері байланысты тұрақты жүргізсін.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К. Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген мерзімі: 18 қараша, 2025 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Көркем мінез – баға жетпес байлық». Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі.

1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері.
2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау және шешім қабылдау.
3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық ерекшеліктері және тиімсіз реакциялар.
4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті.
5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде эмоционалды интеллекттің адамның оқуына, қарым-қатынасына және шешім қабылдауына ықпалы қарастырылды. Ата-аналарға баланың сезімін тыңдау, эмоциясын атауға көмектесу, күрделі жағдайда сабырлы диалог құру тәсілдері ұсынылды. Эмпатия, өзін-өзі реттеу және өзгенің шекарасын құрметтеу дағдылары отбасындағы күнделікті қарым-қатынаста қалыптасатыны түсіндірілді.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Отбасында баланың эмоциясын жоққа шығармай, оны атауға және қауіпсіз білдіруге мүмкіндік беру ұсынылсын.
2. Келіспеушілік кезінде айыптау емес, мәселені бірлесіп шешу тәсілдері қолданылсын.
3. Қажет болған жағдайда педагог-психологпен жеке кеңес ұйымдастырылсын.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К.

Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген мерзімі: 12 желтоқсан, 2025 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Сен жанбасаң лапылдап...». Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?.

1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі.
2. Темперамент, қабілет және мінез ерекшеліктерін ескеру – баланың өзін тануына көмектесудің жолы.
3. Мамандық таңдаудағы негізгі қағида: баланың қызығушылығы, қабілеті және мүмкіндігін үйлестіру.
4. Ата-ананың мамандық пен кәсіп түрлерін таңдаудағы қолдауы.
5. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар және оларды еңсеру жолдары.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде мамандық таңдау бір реттік шешім емес, оқушының қызығушылығы, қабілеті, құндылығы және білім алу мүмкіндіктерін зерттеуге негізделетін үдеріс екені айтылды. Ата-ананың қолдауы баланың өз мүмкіндігін шынайы бағалауына көмектесетіні, ал қысым көрсету немесе өз таңдауын міндеттеу кері әсер беруі мүмкін екені талқыланды. Қатысушыларға баламен бірге мамандықтар, білім беру бағдарламалары және болашақ оқу бағыттары туралы ақпарат жинаудың маңызы түсіндірілді.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Мамандық таңдауда ата-ананың қалауын міндеттеу емес, баланың қабілеті мен қызығушылығын ескеру ұсынылсын.
2. Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары сынып жетекшісі және жауапты мамандармен бірлесіп жалғастырылсын.
3. Ата-аналарға баламен мамандықтар мен оқу бағыттарын бірге зерттеу ұсынылсын.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К. Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген мерзімі: 12 қаңтар, 2026 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы». Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары.

1. Тәуелді мінез-құлықтың түрлері және оның алдын алу туралы жалпы түсінік.
2. Оқушы бойындағы тәуелді мінез-құлықтың ерте байқалатын белгілеріне назар аудару.
3. Сыныптан өзгенің бәрі жұғады: ортаның, құрбы-құрдастың және цифрлық кеңістіктің ықпалы.
4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде жоғары сынып оқушыларының мінез-құлқындағы тәуекел аймақтары және тәуелді мінез-құлықтың алдын алу мәселелері қарастырылды. Негізгі назар баланың күн тәртібіне, ортасына, бос уақытына және цифрлық әдеттеріне аударылды. Қатаң бақылаудан гөрі сенімді қарым-қатынас пен түсінікті отбасылық ережелердің тиімді екені айтылды. Ата-аналарға алаңдататын өзгерістер байқалған жағдайда мектеп мамандарымен ерте байланыс орнату ұсынылды.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Ата-аналарға баланың бос уақытын ұйымдастыруға, күн тәртібі мен цифрлық гигиенасына назар аудару ұсынылсын.
2. Қауіпті мінез-құлық белгілері байқалған жағдайда мектеп мамандарымен дер кезінде байланысу қажеттігі түсіндірілсін.
3. Мектеп пен ата-ана арасындағы профилактикалық өзара іс-қимыл күшейтілсін.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К.

Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №5

Өткізілген мерзімі: 20 ақпан, 2026 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...». Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі.

1. Жоғары сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі.
2. Ойынға және интернетке шамадан тыс әуестенудің алдын алу.
3. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениеті.
4. Интернеттегі қауіптерден сақтану және жеке мәліметтерді қорғау.
5. Әлеуметтік желілерді пайдалануда отбасы мен мектептің бірлескен жауапкершілігі.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде интернет пен әлеуметтік желілердің білім алу және қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерімен қатар белгілі бір қауіптері де бар екені түсіндірілді. Жеке деректерді қорғау, кибербуллингтің алдын алу, күмәнді аккаунттар мен сілтемелерден сақтану, экран уақытын реттеу мәселелері қозғалды. Ата-ананың баламен цифрлық кеңістік туралы ашық сөйлесуі және ортақ ережелерді келісіп белгілеуі қауіпсіздіктің маңызды бөлігі екені атап өтілді.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Ата-аналарға отбасылық цифрлық ережелерді баламен келісіп белгілеу ұсынылсын.
2. Жеке деректерді қорғау, күмәнді сілтемелер мен бейтаныс адамдардан келетін хабарламаларға сақ болу жөнінде түсіндіру жүргізілсін.
3. Интернетті оқу, даму және пайдалы қарым-қатынас құралы ретінде саналы пайдалануға бағыттау жалғастырылсын.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К.

Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Сынып жетекшілері

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №6

Өткізілген мерзімі: 13 наурыз, 2026 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Күйзелістен шығар жол». Күйзелісті жеңуге көмектесеміз.

1. Көңіл жақсы болса – өмір жақсы болады: баланың ресурстық жағдайын қолдау және күйзелісті азайту тәсілдері.
2. Эмоцияны бақылау, қиын жағдайларда сабыр сақтауға көмектесетін күнделікті дағдылар.
3. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатына назар аудару және қауіп белгілерін ерте байқаудың маңызы.
4. Қателесуге мүмкіндік беру және қателікті тәжірибе ретінде қабылдауға қолдау көрсету.
5. Баланың күйзеліске төзімділігін қалыптастыруда мектеп пен отбасының өзара әрекеті.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде жоғары сынып оқушыларының оқу жүктемесі, емтиханға дайындық, болашаққа қатысты алаңдаушылық сияқты факторлар эмоционалдық жағдайға әсер етуі мүмкін екені айтылды. Ата-аналарға баланың көңіл күйін тыңдау, күн тәртібін теңгеру, демалыс пен ұйқыға жағдай жасау, қателікті жазалау нысаны емес, тәжірибе ретінде талқылау ұсынылды. Баланың мінез-құлқында немесе көңіл күйінде ұзаққа созылған елеулі өзгерістер байқалса, оны жалғыз қалдырмай, мектеп мамандары мен тиісті кәсіби қолдауға жүгінудің маңызы түсіндірілді.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Ата-аналарға баламен жүйелі, сенімді және айыптаусыз қарым-қатынас орнату ұсынылсын.
2. Баланың көңіл күйіндегі күрт әрі ұзақ өзгерістерге бейжай қарамай, қажет жағдайда мектептің педагог-психологына немесе тиісті маманға жүгіну ұсынылсын.
3. Оқу жүктемесі, демалыс және ұйқы режимінің теңгеріміне назар аударылсын.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Отырыс төрағасы: _____ Төреахмет А.К.

Сынып жетекшілері

Хатшы: _____ Амангелдиев Н.Ә.

Педагог-психолог _____ Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №7

Өткізілген мерзімі: 24 сәуір, 2026 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Сүйіспеншілік – сыйластық кілті». Махаббат – татулықтың негізі.

1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-теңдік пен өзара сыйластықтың негізі.
2. «Айналайын» ұғымы: отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету.
3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық және бір-бірін тыңдай білу.
4. Эмоционалды манипуляцияны ажырату және сау шекара қалыптастыру.
5. Жоғары сынып оқушысымен сезім, достық және жеке шекара тақырыптарында әдепті сөйлесу.

ТЫҢДАЛДЫ

Кездесуде отбасындағы сүйіспеншілік пен сыйластық баланың өзін қауіпсіз сезінуіне және сенімді қарым-қатынас орнатуына негіз болатыны айтылды. Ата-аналармен баланың жеке пікірін тыңдау, эмоциясын мазақ етпеу, жеке шекарасын құрметтеу, қысым мен манипуляцияға жол бермеу мәселелері талқыланды. Жоғары сынып оқушысымен сезім, достық және қарым-қатынас тақырыптарында қорқытпай, әдепті әрі жасына сай сөйлесу маңызды екені атап өтілді.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Отбасында өзара құрметке, сенімге және ашық диалогқа негізделген қарым-қатынас нығайтылсын.
2. Ата-аналарға баланың жеке пікірін құрметтеу және қауіпсіз шекараларды түсіндіру ұсынылсын.
3. Сынып жетекшілері отбасы құндылықтарын насихаттайтын жұмыстарды жалғастырсын.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К.

Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Сынып жетекшілері

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №8

Өткізілген мерзімі: 19 мамыр, 2026 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, сынып жетекшілері, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы.

Өткізу нысаны: педагогикалық қолдау кездесуі, пікір алмасу және практикалық ұсынымдар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Атадан өсиет, анадан қасиет». Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар.

1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы.
2. Отбасындағы әке мен ананың тәрбиелік рөлі және баламен өзара сыйластық.
3. Қазіргі балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, отбасы тәрбиесінде міндетті түрде назар аударатын мәселелер.
4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау және жаңғырту.

ТЫҢДАЛДЫ

Қорытынды кездесуде отбасылық дәстүрлердің ұрпақтар сабақтастығын сақтаудағы рөлі талқыланды. Ата-аналарға отбасы тарихын айту, үлкендерге құрмет көрсету, ортақ мерекелер мен отбасылық істерді бірге өткізу арқылы құндылықтарды күнделікті өмірде бекітуге болатыны түсіндірілді. Сонымен бірге қазіргі балалардың ерекшеліктерін ескеріп, дәстүрді мәжбүрлеу емес, мағынасын түсіндіру арқылы жалғастырудың маңызы айтылды.

Тақырып бойынша ата-аналардың пікірлері тыңдалып, күнделікті отбасылық тәжірибеде кездесетін жағдайлар талқыланды. Сынып жетекшілері мен мектеп мамандары ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық ұсынымдар берді.

СӨЙЛЕДІ

Ата-аналар тарапынан тақырыпқа қатысты пікірлер айтылып, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынаста кездесетін өзекті мәселелер ортаға салынды. Қатысушылар мектеп пен отбасының бір бағытта әрекет етуі баланың оқуына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескеріп сөйлесу, оның пікірін тыңдау, жеке шекарасын құрметтеу және қажет болған жағдайда мамандардан кеңес алудың маңызын түсіндірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ

1. Ата-аналарға отбасылық дәстүрлерді жүйелі түрде жалғастырып, баланы ортақ отбасылық істерге тарту ұсынылсын.
2. Ұлттық құндылықтарды заманауи тәрбие тәсілдерімен сабақтастыру жалғастырылсын.
3. Оқу жылы ішінде ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысына қатысқан ата-аналарға алғыс білдіріліп, келесі оқу жылына ұсыныстар жинақталсын.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Отырыс төрағасы: Төреахмет А.К.

Хатшы: Амангелдиев Н.Ә.

Сынып жетекшілері

Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.

ҰБТ-ға психологиялық кеңес

ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары

- Күн тәртібі мен жұмыс орнын қалай ұйымдастырамыз?
- Жұмыс орны өте ыңғайлы және тыныш болуы керек.
- Тестке дайындалатын үстел үстінде сары немесе күлгін түсті парақтар немесе мата қиындысы болғаны дұрыс, өйткені ол интеллектілік белсенділікті арттырады.

Күн тәртібі:

- күнді үш бөлікке бөл;
- Тестке күніне 8-сағат дайындық;
- Спортпен айналысуға таза ауада серуендеуге үй шаруасымен айналысуға 8-сағат;
- 8-сағаттан кем ұйықтама;
- 2-сағат тестке дайындалып, 30-40 минут мидағы жүйкелік қатаюдан арылып, ақыл-ой еңбегін дене еңбегімен (гимнастикалық жаттығулар т.б.) кезектестіру керек.

Тамақтану:

Күніне 3-4 рет витаминге толы тағамдармен тамақтану керек. Грек жаңғағын, сүт өнімдерін, балықты, етті, көкөністі, жеміс-жидекті, шоколадты қолдау керек. Бұл тағамдар адам миындағы интеллект деңгейін арттырады.

Тестке 1-күн қалғанда

- Балаларыңызға мүмкіндігінің аз екендігі туралы айпаңыз.
- Отбасылық қарым-қатынасты дұрыс сақтаңыз.
- Балаңыздың ұйқысының дұрыс болып, физиологиялық тұрғыда шаршамауын талап етіңіз.
- Егер бір нәрсені оқып үлгермесе, дұрысы талап етпеңіз, керісінше дем алып, көңіл көтеруіне мүмкіндік жасаңыз.
- Таза ауада достарыңмен, ең жақын адамдарымен серуен жақсы әсер етеді.
- Кешкі аста дастархан басында рухани қолдау сөздер айтыңыз.
- Балаңызды ерте жатып, дұрыс ұйықтауын қадағалаңыз.

Тест күні

- Тест күні балаңыздан бұрын тұрып, оятып, бүгінгі таң ол үшін сәтті атқанын сендіріп айтыңыз.

- Суық суға жуынуын, гимнастикалық жаттығулар жасауын қадағалаңыз.
- Жеке куәлігін, рұқсат қағазын, қара қаламын ұмытып кетпеуін қадағалаңыз.

Тест күнгі тамақтану үлгісі:

- Аса майлы тамақ жеуге болмайды және мүлдем тамақтабауғада болмайды.
- Қатты қобалжығандықтан, балаңызда тәбеті болмауы мүмкін, бірақ аудитория атмосферасына шыдау үшін тамақтанбаса болмайды.
- Жеңіл көкөністен жасалған тағамдар жеген дұрыс.

Тест күнгі психологиялық қолдауды қалай көрсетеміз?
Таңертең балаңызбен бірге барыңыз, қолдау көрсетіңіз. Бәрі сәтті болатындығына сендіріңіз. Тесттен кейін жылау, ашулану, тұйықталу сияқты әртүрлі мінез-құлық көрсетуі мүмкін. Тест нәтижесін көрмей қобалжудың орынсыз екенін ескертіңіз.Орынсыз ескертпелер айтпаңыз, мұның соңы қиын жағдайға соқтыруы мүмкін. Тест нәтижесін хабарлағанда қасында болыңыз. Сіз күткен нәтижеге сәйкес келмесе де сабырлылық танытып, қолдау көрсетіңіз. Ендігі өмірінің сәтті болуына тілек білдіріңіз.
Балаларыңызда тестте кездесетін қиындықтар.

- Психологиялық қобалжудың жоғарылауы
- Есте сақтаудың төмендеуі
- Сұрақты соңына дейін оқымауы
- Нұсқаларды толтыруда шатастыруы
- Уақытты дұрыс пайдалана алмау
- Ойын жинақтай алмау, шашыраңқылық
- Ұялы телефон, шпоргалка қолдануда комисия мүшелеріне ұсталу
- Қосымша құралдармен жұмыс істеп, білетін сұрақтардың өзін белгілемейді.
- Жүрек айну, іш ауру

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСИЛИУМ ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 14.02.2026 ж.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, ата-аналар, мектеп психологі.

Күн тәртібі:

1.Оқушылардың оқу жетістіктерінің (ҰБТ нәтижелері, тест көрсеткіштері) қорытындысын талдау.

2.Әр пән бойынша білім сапасының деңгейін анықтау.

3.Оқушыларға жеке қолдау көрсету жолдарын қарастыру.

4.Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері сөз сөйлеп, оқушылардың білім сапасы, тест нәтижелері, пәндер бойынша жетістіктері мен қиындықтары талданды.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ нәтижелері мен тест көрсеткіштері туралы пән мұғалімдері мәлімет берді. Әр сынып бойынша білім алушылардың жинаған балл көрсеткіштері, білім сапасы мен үлгерімі талданып, өткен оқу кезеңімен салыстырмалы мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде жоғары, орта және төмен деңгейдегі оқушылар анықталып, білім көрсеткіштерінің өсу және төмендеу себептері қарастырылды.

Пән мұғалімдері әр оқушының жеке нәтижесіне тоқталып, білім деңгейлері мен жіберілген олқылықтар туралы мәлімет берді. Әр пән мұғалімі өз пәні бойынша білім сапасының деңгейіне тоқталып, сыныптардағы оқу үлгерімі, бақылау жұмыстарының қорытындылары мен тест нәтижелері негізінде талдау жасады. Пәндер бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіштері айтылып, проблемалық тақырыптар мен оқушылардың жіберген типтік қателіктері анықталды.

Білім сапасын арттыру және төмен көрсеткіш көрсеткен оқушыларға жеке қолдау көрсету мақсатында қосымша сабақтар, жеке консультациялар, сараланған тапсырмалар беру, деңгейлік жұмыстар жүргізу, білім алушылармен жеке жұмыс жоспарын құру мәселелері қарастырылды. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері ұсынылды.

Ата-аналарға оқушылардың оқу үлгерімі таныстырылып, алдағы уақытта білім сапасын арттыру мақсатында бірлескен жұмыс жүргізу жолдары түсіндірілді. Ата-аналармен кері байланыс орнату жұмыстары туралы сынып жетекшілер мәлімет берді. Ата-аналар жиналыстары, жеке кездесулер, телефон және мессенджер арқылы байланыс жасау, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы хабардар ету, бірлескен жұмыс жүргізу жолдары айтылды. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, алдағы уақытта ынтымақтастықта жұмыс жасау қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ және тест нәтижелері бойынша білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілсін.
2. Пән мұғалімдері тарапынан бақылау, тест жұмыстарының қорытындыларына талдау жасалып, кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін;
3. Білім көрсеткіші төмен оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсін.
4. Ата-аналармен кері байланыс тұрақты түрде ұйымдастырылып, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы ақпарат берілсін. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жандандырып, жеке кездесулер мен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Мектеп директоры А.Б.Сексенов

https://www.instagram.com/reel/DUu1tuJjCGK/?igsh=MWJucHY2MjJxbmM2Zg==

